

Академик Е.А.Бөкетов атындағы университетінің 8D01101 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абылайхан Салтанат Мұратханқызының «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Керімбаева Рысты Калдыхановнаның жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген, бәсекеге қабілетті, сыни ойлай алатын тұлғаны қалыптастыруға жаңа қадамдар жасалып отыр. Бүгінгі жаһандану заманында қоғамға жеңіл бейімделіп, қоршаған ортамен жедел қарым-қатынас орната алатын тұлғаның алар орны ерекше. Жаңғыртылған білім беру жағдайында балаларды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу адами капиталды дамытудың негізгі көрсеткіштері. Осы тұрғыда, диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар талабына сәйкес.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың халыққа Жолдауы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мәселелері туралы нормативті құжаттарының (тұжырымдама, стандарт, типтік оқу бағдарламалары т.б.) аясында орындалған.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Қазіргі қоғамның талаптарына сай, жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығы белгілі. Осы орайда орындалған зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың маңызы анықталып, құрылымдық мазмұны құрылымдалып, педагогикалық жүйесі өңделіп, технологиясы мен әдістемесі жасалып, оның білім беру жүйесінде маңызды екендігін көрсетеді. Сондықтан зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған, жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері аясында жүргізілетін зерттеулердің іргелі негізі бола алады.</p>
2.	Дербестік принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант С.М.Абылайханның орындалған ғылыми зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын <i>өзі жазу деңгейі жоғары</i> , барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы құрылымды сақтаған. <i>Өзі жазу деңгейі жоғары</i> .
3.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерінің зерттелмеуі; оның педагогикалық жүйесі мен технологияның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда жасалмағандығы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық көлемде айқындайды</i> . Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері <i>диссертацияның тақырыбына</i>

	<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p><i>сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын теориялық тұрғыда негіздеу және эксперименталды сынақтан өткізу, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері</i> қойылған мақсатты нақтылай келе, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаумен; «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтау, құрылымдық компоненттерін айқындаумен; рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеу және теориялық негіздеумен, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын құрумен, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерумен <i>сәйкес келеді.</i></p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық тараулары мен қағидалары логикалық өзара байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы <i>логикалық толық байланысқан</i>, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, эксперименттің анықтау және қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрынна белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында келесідей жаңа шешімдер ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындаған құндылықты-мағыналық қатынасы; тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық-технологиялық кешені; адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісінде оқыту мен тәрбиенің формалары мен әдістерін пайдаланып, педагогтің, ата-ананың және балалардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру; -Алғаш рет рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі, технологиясы тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық және <i>сыни талдау арқылы дәлелденіп</i>, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
4.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант зерттеу барысында теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиже– жаңа.</i> Рухани жаңғыру жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде негізделді.</p> <p><i>2-нәтиже–жаңа.</i> «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұны анықталды, оның құрылымдық компоненттері айқындалды.</p> <p><i>3-нәтиже–жаңа.</i> Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі өңделіп, теориялық тұрғысынан негізделді.</p> <p><i>4-нәтиже–жаңа.</i> Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы құрылды.</p> <p><i>5-нәтиже–жаңа.</i> Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жолымен тексерілді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір тұжырымның мазмұны қойылған міндеттерді шешудің ғылыми ізденісімен ғана емес, сонымен қатар</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>диссертациялық зерттеу мәселесін шешу автордың өз позициясымен де анықталады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе:</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай ғана (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа болып табылады және негізделген.</p>
5.	Негізі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research и направлений және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы ізденушінің жұмысы бойынша жарияланымдарының сәйкестігімен дәлелденеді. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 23 ғылыми жұмыс жарық көрген. ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміндегі басылымдарда 5 мақала, 3 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымда, 8 халықаралық, 1 республикалық конференция материалдары жинақтарында, 1 шетелдік ғылыми басылымда, 1 оқу құралы, 1 электронды оқу құралы, 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, 1 әдістемелік нұсқаулық, 1 электронды әдістемелік нұсқаулық жарық көрді.</p>
6.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағида келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1 Қағидат бойынша 5 нәтиже дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылған қағидалар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ұсынылған қағидалар жаңа.</p> <p>7.4 Қағидаттардың қолдану аясы кең.</p> <p>7.5 Мақала ғылыми басылымдарға жарыққа шығып, дәлелденген.</p>

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жок</p>	
7.	<p>Дәйектілік принцип Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жок</p>	<p>Жұмыстың әдіснамасы нақты негізделіп жазылған, егжей-тегжейлі сипатталған. Докторант философиялық, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларды басшылыққа алған.</p>
<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жок</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.</p>	
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жок</p>		<p>Теориялық қорытындылар анықталған, өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген.</p>	
<p>8.4 Маңызды мәліметтер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған</p>		<p>Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>	


		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Жұмыста шетелдік және отандық 224 әдебиет пайдаланылған.
8.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері мәселесі әдіснамалық, теориялық тұрғыда негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдылығы жоғары: 1) иә ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары. Бұл рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруға бағытталған мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үдерісінің ақпараттық – технологиялық кешенін әзірлеу және енгізу арқылы негізделген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикаға арналған ұсыныстар жаңа, өйткені докторант мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісіне төмендегілерді әзірлеп, енгізді: 1) <i>педагогтерге</i> арналған: -«Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру» арнайы курс; -«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда прагматикке тән адамгершілік мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында шебер сынып; -«Қазіргі білім беру технологиялары» тақырыбында семинар-практикум; 2) <i>ата-аналар үшін</i> : «Балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы; -«Отбасында балаларды мадақтау және жазалау» тақырыбында семинар-практикум; 3) <i>балаларға</i> арналған: -«Халық ауыз әдебиетінің мұралары» әдістемелік жинақ; -«Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру» вариативтік компонент бағдарламасы; -«Үй жылуы» авторлық шығармашылық ойын; -«Адамгершілік мәдениет жайында» әңгімелесу картотекасы. <i>Ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету</i> : - оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар»; - әдістемелік нұсқаулықтар «Мектепке дейінгі

			<p>ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі», «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық»;</p> <p>- электронды оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі жүйесінде балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негіздері (рухани жаңғыру жағдайында)»;</p> <p>- электронды әдістемелік нұсқаулық: «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық».</p>
9.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім:

Абылайхан Салтанат Мұратханқызының 8D01101 – Педагогика және психология мамандығы бойынша «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздері» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің және «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес дербес орындалған, теориялық және қолданбалы міндеттерін шешуге елеулі үлес қосатын ғылыми зерттеу жұмыс болғандықтан Абылайхан Салтанат Мұратханқызы философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш білдіремін.

Ресми рецензент, М.Х.Дулати
атындағы Тараз өңірлік университетінің
доценті, п.ғ.к.



Р.К.Керимбаева